

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Аққулы ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 30 мамырдағы "Аққулы ауданының Жамбыл ауылдық округінде орналасқан "КХ "РАССВЕТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-17/01 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Аққулы ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 9 қыркүйектегі № 1-17/02 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 10 қыркүйекте № 6535 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілері туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Аққулы ауданының мемлекеттік бас ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 15 тамыздағы № 1-28/127 ұсынысы негізінде, Жамбыл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аққулы ауданы Жамбыл ауылдық округінде орналасқан "КХ "РАССВЕТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағында жануарлардың құтыру ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шараларын жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Аққулы ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 30 мамырдағы "Аққулы ауданының Жамбыл ауылдық округінде орналасқан "КХ "РАССВЕТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-17/01 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6396 болып тіркелген, 2019 жылғы 07 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

Н. Айтуганов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Аққулы ауданының ветеринария бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Қ. Тлеуғабыл

2019 жылғы "9" қыркүйек

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

*Ветеринариялық бақылау және қадағалау
комитетінің Аққулы аудандық
аумақтық инспекциясы"*

мемлекеттік мекемесінің басшысы

2019 жылғы "6" қыркүйек

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін

қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін

бақылау комитеті Павлодар облысының

тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің

сапасы мен қауіпсіздігін бақылау

департаментінің Аққулы ауданы

тауарлар мен көрсетілетін

қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін

бақылау басқармасы"

республикалық мемлекеттік

мекемесінің басшысы

2019 жылғы "6" қыркүйек

Ғ. Сағалов

Т. Сламбеков